

**ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ  
ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ  
МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ**

**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 10.09.2025 ж.

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры – Ешкеева А.Т.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Утешова А.К.
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Сорока И.А.
4. Әлеуметтік педагог – Балмұқаш А.Ш.
5. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары – Какимова А.Д.
6. Ата-ана – Бегимбаева А.Қ.
7. Медбике – Бисекеева Г.Д.

Барлығы: 7 адам

**Күн тәртібінде:**

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

**Тыңдалды:**

1. 2025-2026 оқу жылында «№4 Хромтау орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде 1640 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын басшылыққа ала отырып мектепшілік бұйрық шығарылды. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 727-ті құрап отыр. Арендатор есебінен әзірге 14 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 713 болса, 5-11 сынып оқушыларының саны 14 құрайды. Әлеуметтік мәртебесіне байланысты:

Сыныптар	Оның ішінде	Жетім	ААҚҚ	Көп балалы	Аз қамтылған	Толық емес
1-4	713	1	1	186	9	69
5-9-11	14	1	2	6	14	11
барлығы	727	0	0	282	23	80

Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 6 уақытта ұйымдастырылды. Мысалы:

I ауысым

1-4 сынып оқушылар үшін – 08:45-09:00

09:30-09:45

6,8-10 сынып оқушылары үшін – 10:20-10:35

II ауысым

3-4 сынып оқушылары үшін – 14:40-14:55

15:30-15:45


5-7 сынып оқушылары үшін – 16:25-16:35

2. Мектеп асханасында оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған.

### Шешімі:

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі қанағаттандырылсын. Жетім оқушылардың қамқоршыларының өтініші қанағаттандырылсын;
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау күнделікті бақылауға алынсын.

1. Мектеп директоры – Ешкеева А.Т. 
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Утешова А.К. 
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Сорока И.А. 
4. Әлеуметтік педагог – Балмұқаш А.Ш. 
5. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары – Какимова А.Д. 
6. Ата-ана – Бегимбаева А.К. 
7. Медбике – Бисекеева Г.Д. 